

ISSN (Print) 2789-4320  
ISSN (Online) 2789-4339

**ECONOMIC SERIES  
OF THE BULLETIN OF  
L.N. GUMILYOV ENU**

**ЭКОНОМИЧЕСКАЯ СЕРИЯ  
ВЕСТНИКА ЕНУ ИМЕНИ  
Л.Н. ГУМИЛЕВА**

**Л.Н. ГУМИЛЕВ АТЫҢДАҒЫ ЕҰУ  
ХАБАРШЫСЫНЫҢ  
ЭКОНОМИКА СЕРИЯСЫ**

**№ 2 • 2023**

2010 жылдан бастап шығады  
Издается с 2010 года  
Founded in 2010

Жылына 4 рет шығады  
Published 4 times a year  
Выходит 4 раза в год

Астана, 2023  
Astana, 2023

Бас редакторы **С.Б. Мақыш**  
э.ғ.д., профессор Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан

Бас редактордың орынбасары

**А.М. Бакирбекова**

э.ғ.к., қауымдаст. проф. Х.Досмұхамедов атындағы Атырау университеті, Атырау, Қазақстан

#### *Редакция алқасы*

<b>Майдырова А.Б.</b>	э.ғ.д., проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Муталиева Л.М.</b>	э.ғ.к., қауымдаст. проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Мусина К.П.</b>	э.ғ.к., қауымдаст. проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Сембиева Л.М.</b>	э.ғ.д., проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Толысбаев Б.С.</b>	э.ғ.д., проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Шалболова У.Ж.</b>	э.ғ.д., проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Курманов Н.А.</b>	PhD, проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Мухияева Д.М.</b>	PhD, Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Аманова Г.Д.</b>	э.ғ.к., қауымдаст. проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Есенова Г.Ж.</b>	э.ғ.к., қауымдаст. проф., Л.Н.Гумилев атындағы ЕҰУ, Астана, Қазақстан
<b>Досжан Р.Д.</b>	PhD, доцент, эл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан
<b>Таубаев А.А.</b>	э.ғ.д., профессор, Esil University ректоры, Астана, Қазақстан
<b>Адамбекова А.А.</b>	э.ғ.д., проф., эл-Фараби атындағы ҚазҰУ, Алматы, Қазақстан
<b>Жусупова А.К.</b>	э.ғ.к., доцент, проф., Халықаралық бизнес университетінің (UIB), Алматы, Қазақстан
<b>Курманалина А.К.</b>	э.ғ.к., проф., Академик Е.А. Бөкетов атындағы Қарағанды мемлекеттік университеті, Қарағанды, Қазақстан
<b>Искаков Б.М.</b>	э.ғ.к., доцент, проф., «Тұран-Астана» университеті, Астана, Қазақстан
<b>Умирзаков С.Ы.</b>	э.ғ.д., проф., НАРХОЗ университеті, Алматы, Қазақстан
<b>Лавровский Б.Л.</b>	э.ғ.д., проф., Новосибирск мемлекеттік техникалық университеті, Новосибирск, Ресей
<b>Мадиярова Д.М.</b>	э.ғ.д., проф., Ресей халықтар достығы университеті, Мәскеу, Ресей
<b>Никифорова Е.В.</b>	э.ғ.д., проф., РФ Үкіметінің жанындағы Қаржы университеті, Мәскеу, Ресей
<b>Петрова М.</b>	PhD, доцент, Әулие Кирилл және Мефодий атындағы Университет, Ұлы Тырново, Болгария
<b>Шинкевич А.</b>	т.ғ.д., э.ғ.д., проф., Қазан ұлттық зерттеу технологиялық университетінің логистика және менеджмент кафедрасының меңгерушісі, Қазан, Ресей
<b>Филимонов В.</b>	PhD, доцент, Суррей университеті, Гилдфорд, Ұлыбритания
<b>Мустафа Солак</b>	PhD, проф., Анкара университеті, Анкара, Түркия
<b>Христаускас Чесловас</b>	Профессор, э.ғ.д., Витаутас Ұлы университеті, Каунас, Литва
<b>Петров А.</b>	э.ғ.д., проф., РФ Үкіметінің жанындағы Қаржы университеті, Мәскеу, Ресей
<b>Фэн Вэй</b>	PhD, проф., Солтүстік-Батыс ауылшаруашылық университеті, Сиань, Қытай

**Редакцияның мекенжайы:** 010008, Қазақстан, Астана қ., Сәтпаев к-сі, 2, Л.Н. Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университеті, 402 б.

Тел.: +7(7172) 709-500 (ішкі 31-413)

E-mail: vest\_econom@enu.kz

Журнал менеджері: **Е.А.Изтелеуова**

**Л.Н. Гумилев атындағы ЕҰУ хабаршысының экономика сериясы**

Меншіктенуші: «Л.Н. Гумилев атындағы Еуразия ұлттық университеті» Коммерциялық емес акционерлік қоғам

Қазақстан Республикасы Ақпарат және қоғамдық даму министрлігімен тіркелген. 19.02.2021ж. № KZ26VPY00032638 қайта есепке қою туралы куәлігі.

Мерзімділігі: жылына 4 рет.

Типографияның мекенжайы: 010008, Қазақстан, Астана қ., Қажымұқан к-сі,13/1, Л.Н. Гумилев атындағы

Еуразия ұлттық университеті

тел.:+7(7172)709-500 (ішкі 31-413)

## МАЗМҰНЫ

### Экономика

<i>Касымова С.Б., Егембердиева С.М., Мустафаев Қ.С.</i> Қызылорда облысының тұрақты дамуының экологиялық-әлеуметтік-экономикалық аспектілері	11
<i>Абдрейсова Д.Ж., Байтенизов Д.Т., Азатбек Т.А.</i> Фриланс есебінен ІТ-қызметтерінің экспортын дамыту мүмкіндіктері	26
<i>Альшанская А.А., Немец Ю.</i> «Жастар тәжірибесі» механизмін жастар арасындағы жұмыссыздықпен күрес құралы ретінде пайдаланудағы негізгі кедергілер	39
<i>Қуандық Ж., Асилова А., Пралиева С.</i> Пандемия жағдайының адами капиталдың дамуына әсер етуін дисперсиялық талдау	50
<i>Өміртай А.Д., А.О. Оңдаш, Нурғабұлов М.Н.</i> Қазақстанның әлемдік энергетика нарығына қатысуы: мәселелер мен даму болашағы	63
<i>Турекулова Д.М., Череева Б.Т., Петренко Е.С.</i> Өндірісте еңбекті қорғау мен қауіпсіздікті ұйымдастыруды жетілдіру	77
<i>Аппакова Г.Н., Несіпбеков Е.Н., Жанбозова А.Б.</i> Қазақстан аймақтарындағы ішкі көші-қон үдерістерінің әлеуметтік-экономикалық факторлары	86
<i>Хань Най Чао, Адамбекова А.А.</i> Қазақстан мен Қытай экономикалық мұнай-газ ынтымақтастығы контекстінде	99
<i>Мухаммад Надим Халид.</i> Мұнай өнімдерінің әлемдік өндірісін талдау	108
<i>Ағниязов Б.Е., Мырзалиев Б.С., Баймағанбетов С.Т.</i> Қазақстанның агроөнеркәсіп кешеніндегі аутсорсингтік қатынастардың жұмыс істеуіне қолайлы ортаны қалыптастыру	119

### Менеджмент

<i>Әбенев Е.М., Бекжанова Т.Қ., Бакирбекова А.М.</i> Қазақстанда агломерациялық қалалардың инновациялық дамуын басқару	130
<i>Оспанова А.Т., Бугубаева Р.О., Тәжібаева Ж.О.</i> Қазақстан Республикасында кадрларды даярлауға мемлекеттік тапсырыстарын бөлу тиімділігін арттыру	143
<i>Степанов М.С., Легостаева А.А., Құрманалина А.К.</i> Қазақстан Республикасының мемлекеттік-жекешелік әріптестік жобаларын басқару жүйесіндегі әлеуметтік-экономикалық тиімділікті бағалау тетігі	154

### Қаржы

<i>Жоламанова М.Т., Жургембаева А.К.</i> Екінші деңгейлі банктердегі несиелік тәуекелді басқару	168
<i>Демеуов Н.Б., Есдаулетова А.М.</i> Акселератор моделі негізінде Қазақстан Республикасындағы тікелей шетелдік инвестициялар ағынын талдау	176
<i>Молдабекова М.Ш., Макенова А.А., Аязбекова Ж.С.</i> Қазақстанда қолма-қол ақша айналымын дамытудың проблемалары мен перспективалары	185
<i>Серікбаева С.Ф., Акпанов А.К., Когут О.Ю.</i> Экономикалық турбуленттілік жағдайындағы қаржылық тұрақтылық	197
<i>Исахова П.Б., Баяхметова А.Т., Мадыханова К.А.</i> Бағалы қағаздар нарығында инвесторлардың мүдделерін қорғау тетіктері	210
<i>Зейнельгабдин А.Б., Мусатаева А.А., Кенесбаева Д.Ж.</i> Қазақстан Республикасында экономиканы басқарудағы ақша-қаржы құралдарын жаңғырту	220
<i>Өліпбеки О.Ә., Женсхан Д., Мусина Р.С.</i> Ауыл шаруашылығын субсидиялау: проблемалары және оны тиімді ұйымдастыру жолдары	232

<i>Зәмірбекқызы М., Бұлақбай Ж.М., Чернова Г.В.</i> Білім беру жүйесін қаржыландыруды жаңғырту: болашаққа инвестиция	242
<i>Садвакасова А.С., Аманова Г.Д., Панков Д.А.</i> Химия өнеркәсібі кәсіпорындарының инвестициялық тартымдылығын бағалаудың мультипликаторлық тәсілі	252

#### Есеп және аудит

<i>Никифорова Е.В., Несипбай О.М., Серикова М.А.</i> Салықтық әкімшілік: мәні, мәселелері, даму перспективалары	261
<i>Шмиголь Н.</i> Еуропа елдерінде органикалық егіншілікті дамыту тиімділігінің аудиті	271
<i>Исмагулова Д.Д., Ракаева Ә.Н.</i> Қоғамның мемлекеттік қызметтердің сапасына және халықтың әл ауқатына қанағаттануын бағалаудағы әлеуметтік аудит	277
<i>Низамдинова А.К., Кыкеева А.С., Арыстамбаева А.З.</i> Аудиторлық қызметті ұйымдастыруға жасанды интеллект технологияларын енгізу	285

#### Туризм

<i>Ағыбетова Р.Е., Тұрғамбекова Ж.Е.</i> Алматы облысының туристік дестинация активтерін анықтау	296
<i>Кожаназар А.Ш., Баймбетова А.Б., Тлеубаева А.Т.</i> «Ғарыш туризмі» тұжырымдамасының туризммен байланысын анықтау	306

**Ж. Қуандық,  
А. Асилова,  
С. Пралиева**

*Әл-Фараби атындағы Қазақ Ұлттық Университеті, Алматы, Қазақстан*  
E-mail: bostandyquly@gmail.com

---

## **Пандемия жағдайының адами капиталдың дамуына әсер етуін дисперсиялық талдау**

---

**Андатпа.** Бүкіл әлемді қамтыған жаһандық пандемия денсаулық сақтау және білім беру саласындағы табыстарға қауіп төндіруде. Пандемия адам капиталын арттырудағы онжылдық прогреске, оның ішінде денсаулықты жақсарту, өмір сүру, мектепке бару және өсудің тежелуін азайтуға қауіп төндіруіне байланысты бұл тақырып өзекті болып отыр. Зерттеудің мақсаты сауалнама арқылы жаһандық пандемияның елдегі адами капиталдың дамуына әсерін бағалау болып табылады. Зерттеу пандемия жағдайында адами капиталды дамытудың сандық және сапалық көрсеткіштерінің экономикалық дамуға әсерін бағалады. Сауалнама нәтижелеріне талдау жасау үшін бір факторлы дисперсиялық талдау әдісі пайдаланылды. Алынған нәтижелер денсаулық сақтау және білім беру саласындағы саясатты әзірлеу және дағдарыстан кейінгі қалпына келтіру үшін инвестицияларды жоспарлау кезінде пайдалы болуы мүмкін.

**Түйін сөздер:** адами капиталдың дамуы, жаһандық пандемия, экономика, дағдарыс, бір факторлы дисперсиялық талдау.

DOI: <https://doi.org/10.32523/2789-4320-2023-2-50-62>

---

**Кіріспе.** Жаһандық пандемияның таралуы нәтижесінде әлемдік экономиканың даму тенденциясы экономикалық болжамдарға сәйкес депрессияға жақындаған рецессиямен сипатталады және соңғы 80 жыл ішінде ең терең экономикалық күйзелістердің бірі ретінде танылады.

Жаһандық пандемияға қарсы карантиндік шаралар Қазақстанның экономикалық белсенділігіне әсер етті, мемлекеттік ресурстар үшін ауыр жүктеме және білім беру мен денсаулық сақтау жүйелері үшін сынақ болды. Қаңтар-наурыз аралығында ЖІӨ-нің нақты өсуі жылдық есептеуде 2,3% - ға дейін баяулағанын көрсетті. Статистика органдарының мәліметі бойынша, 2020 жылдың бірінші тоқсанымен салыстырғанда, екінші тоқсанда Қазақстандағы жұмыссыздық деңгейі 0,2%-ға ғана өсіп, 5%-ды құрады (Kazakhstan Today, 2020: URL). Осылайша, статистикаға сүйенсек, жұмыс күші 2019 жылмен салыстырғанда 40,7 мың адамға қысқарды. Сонымен қатар, жұмыс күшінен тыс халық саны екінші тоқсанда бірінші тоқсанмен салыстырғанда 2%-ға өсті (Қазақстан Республикасының Ұлттық статистика бюросы, 2020: URL).

Қазақстанның Ұлттық экономикасының тұрақты негізін қалыптастыру және пандемияның салдарын жылдам қалпына келтіру үшін, адами капиталдың сапасы дағдарыстық кезеңде экономикалық және әлеуметтік оң әсерлерді қамтамасыз ететіні алдыңғы зерттеулерден белгілі. Бұл Жаһандық пандемияның ел экономикасына, денсаулық сақтау жүйесіне, білім беру мен жалпы әл-ауқатқа теріс әсерін жоюдағы негізгі күш болып табылады. Қазақстанның соңғы онжылдықта әлеуметтік-экономикалық даму факторы ретінде адами капиталдың сапалық және сандық сипаттамаларын жақсартуда айтарлықтай прогреске қол жеткізгені белгілі. Алайда, қазіргі жағдайда жаһандық пандемия бұл жетістіктердің көпшілігін жоққа шығару қаупі бар, себебі үкімет халықтың денсаулық қауіпсіздігін қамтамасыз ету үшін, карантиндік талаптарды күшейтіп, дәстүрлі түрдегі білім алу мен кәсіп жүргізудің мүмкіндіктерін шектеп отыр.

Мәселенің өзектілігін ескере отырып, осы ғылыми зерттеу шеңберінде пандемияның деструктивті факторларының экономикаға кері әсерін азайтуға ықпал ететін адами капиталды дамыту бойынша зерттеу жүргізілді. Олардың ықпалының басымдығы және дағдарыстан кейінгі кезеңдегі экономикалық дамудың ықтимал болжамды сценарийлері де елдің адами капиталының даму деңгейін ескере отырып негізделуге тиіс.

**Зерттеу материалдары мен әдістері.** Шет елдік ғалымдар адами капитал деңгейі жоғары болған сайын, халықтың тұрмыс деңгейі мен табысы жоғарылайды, сонымен қатар қоғамдағы бірлік арта түседі деген қорытындыға келген. Ал бұл тұрақты өсу мен кедейлікті азайтудың негізгі факторы.

Адами капитал теориясы экономикалық талдаудың тәуелсіз бөлімі ретінде 20 ғасырдың ортасында қалыптасты. Оның маңыздылығының артуы әйгілі американдық экономист, Нобель сыйлығының лауреаты Т. Шульцке тиесілі, ал негізгі теориялық модель Г.Беккердің (Нобель сыйлығының лауреаты) «Адами капитал» кітабында (1964 ж.) жасалған. Бұл кітап осы саладағы барлық кейінгі зерттеулер үшін негіз болды және қазіргі экономикалық ғылымның классикасы ретінде танылды. Одан кейінгі кезеңде келесі авторлардың жұмыстарын атап көрсетуге болады: Й.Бен-Порэта (Ben-Porath, Yoram), М.Блауга, Э. Лэзера (Lazear, Edward), Р. Лэйрда (Layard, Richard), Дж.Минцер, Дж.Псахаропулоса, Ш. Розен (Rosen, Sherwin), Ф.Уэлч (Welch, Finnis.), Б. Чизуика және т. б. (Campbell, S.G., & Ongor, M., 2020: 43-64).

Адами капитал бойынша жүргізілген ғылыми зерттеулерде оның құрылымдық компоненттерін, индикаторларын, әмбебап әдістерін бөліп көрсетуге және экономикалық өсу мен әлеуетті қамтамасыз етудегі адами капитал деңгейін бағалау тәсілдері зерттелген және ол бойынша негізгі ақпараттар жинақталған. Оның ішінде келесідей зерттеу жүргізілген бағалау түрлерін атап көрсетуге болады: адами капиталды бағалау, адами капитал мен экономикалық өсу арасындағы өзара байланысты бағалау, кірістер мен жұмыспен қамту деңгейіне әсерін бағалау, экономикалық дамудың тұрақтылығы мен инновациялар деңгейіне әсерін бағалау.

Көпжылдық теориялық және эмпирикалық зерттеулер экономиканың өндірістік күші және оның өсу қарқынына, өнімділікке, табысқа және т.б. параметрлерге әсер ететін – адами капитал екенін дәлелдеді.

Адами капиталдың білімі, дағдылары мен қабілеттері жаһандық бәсекелестіктің мәні болып табылады. Сондықтан, адами капиталды қалыптастыру (еңбекті ұйымдастыру және оның өнімділігінің өсуі үшін жағдайлар жасау; қызметкерлердің құзыреттерін жақсарту және кеңейту, өмір сүру сапасын арттыру және т.б.) кез келген елдің мемлекеттік саясатының өзекті мәселесі болып табылады. Сол себепті адами капиталды қалыптастыру мәселелерін тек қызметкерлер мен жұмыс берушілер ғана емес, сонымен қатар барлық деңгейдегі менеджерлер де бүгін қандай білім мен құзыреттілік қажет, болашақта не пайдалы, оларға қалай қолдау көрсету деңгейін жақсарту және мүмкіндіктерді тиімді қолдану туралы үнемі ойлануы керек.

ЭБДҰ сарапшылары адами капитал саласында зерттеулерді тұрақты негізде, әртүрлі эмпирикалық және талдамалық аппаратты қолдана отырып жүргізуде. Мұндай жұмыстар осы халықаралық ұйымның барлық зерттеу тақырыптары аясында өте перспективалы және өзекті болып саналатыны белгілі. Олардың нәтижелері экономикалық өсу, инновациялар мен адами капитал сапасы арасындағы өзара тығыз байланысты растады.

ЭБДҰ жүргізген зерттеулер нәтижесінен келесідей түйіндемелерді көрсетуге болады:

- білікті жұмыс күшін – нарыққа және қоғамның қажеттіліктеріне жаңа технологияларды ойлап табуға біліктілігі жоғары адами капиталдың болуы маңызды;
- адами капиталды дамыту тетіктеріне, технологиялар трансферіне, білім беру экономикасының инфрақұрылымына инвестициялар арқылы білім берудің тиімді жүйесін қалыптастырып, экономикалық тиімді адами капиталды қалыптастыруға болады;
- адами капитал – кәсіпорындардың инновациялық белсенділігін ынталандыратын құралдардың маңызды спектрі (Кузнецова Т. және басқалар, 2020: URL).

Алайда, бүгінгі күнде қолданылатын ғылыми әдебиеттерде бар адами капиталды бағалау әдістерінің кемшіліктеріне келесілерді жатқызуға болады:

1. Олар күрделілікпен сипатталмаған және көп жағдайда адами капиталдың сандық сипаттамаларын бағалауға негізделген;
2. Негізінен ЕО елдері мен Қытайдың адами капиталын бағалауға бағдарланған.

Бірақ, 2020 жылдан бастап Дүниежүзілік Банк тобы мен БҰҰ Даму Бағдарламасы әлемнің көптеген елдері үшін адами капитал деңгейіне зерттеу жұмыстарын жүргізуде. 2020-2021 жылғы зерттеулердің ішінде Дүниежүзілік Банк жасаған әдіснама кеңінен қолданулуда. Дүниежүзілік банк жасаған әдіснамаға сәйкес, адами капитал көрсеткіші 5 жасқа дейінгі балалардың өмір сүруін сипаттайтын нақты көрсеткіштерге негізделген интегралдық көрсеткіш ретінде есептеледі: білім беру сапасына түзетілген мектептегі оқу жылдарының күтілетін саны; денсаулық (60 жасқа дейінгі жеткен 15 жастағы балалардың үлесі, 5 жасқа дейінгі балалар арасындағы өсудің тежелу деңгейі) (Әлемдік банк, 2020: URL). Бұл тәсілдің кең таралуына қарамастан оның кемшілігін атап кететін болсақ, ол адами капиталды дамытудың жеке психологиялық компонентін және шығармашылық, инновациялық белсенділік, интеллект деңгейі, еңбекке төзімділік, динамикалық еңбек жағдайларына бейімделу және т. б. сияқты сапалық сипаттамаларын ескермейді.

Қаржылық, табиғи және физикалық капиталмен бірге адами капитал кез-келген елдің ұлттық байлығының негізін құрайды. Адами капиталдың сапалық және сандық сипаттамаларының құрылымы мен даму динамикасы тарихи түрде жекелеген халықтар мен мемлекеттердің рухани мәдениеті мен өркениетінің ұлттық ерекшеліктерін анықтады. Осыны ескере отырып, адами капиталға неғұрлым сенімді бағалау жүргізу үшін оның қалыптасуының ұлттық ерекшеліктері мен сипаттамаларын ескерген жөн. Әлемдік тәжірибе көрсетіп отырғандай, зияткерлік мәдениет деңгейі төмен және менталитеті артта қалған елдерде жоғары технологиялық экономикаға инвестициялар күтілетін нәтижелерді ақтамады. Сондықтан, адами капиталды дамытуда әлеуметтік орта мен елдегі болып жатқан саяси жағдайлар, әлеуметтік және экономикалық бағдарламалар мен саясат өте маңызды.

2020 жылдың көктемінде Дүниежүзілік денсаулық сақтау ұйымы (ДДСҰ) әлем жаңа пандемиямен бетпе-бет келгенін хабарлады - SARS-CoV-2 немесе COVID-19 деп аталатын жаңа коронавирустың бұрын-соңды болмаған таралуы. Интернет пенақпараттық-коммуникациялық технологиялардың (АКТ) таралуының арқасында ол нақты уақыт режимінде бақыланатын, хабарланатын және түсіндірілетін алғашқы пандемия болды. Бұқаралық ақпарат құралдарының кең таралуы мен ақпарат ағынының арқасында ол көп ұзамай халықтың мінез-құлқына әсер етіп, қорқыныш пен белгісіздік тудырды, демек, нарықтардың жағдайын нашарлатты. Бүкіл әлемде Жаһандық пандемияның таралуына байланысты жұмыссыздықтың өсуі, жұмыстың қорғалмағандығы және мансап мүмкіндіктерінің қысқаруымен еңбек нарығы мен адам капиталы бұл әсерлерді бірінші болып сезінді. Жаһандық пандемияның бүкіл әлемдегі экономикалық және әлеуметтік қатынастарға, сондай-ақ еңбек нарықтарына бұрын-соңды болмаған әсері негізінен вирустың континенттерге таралуын апталар мен күндерге айналдырған жалғасып жатқан жаһанданумен байланысты болды. Жаһандануды прогрестің пайдалы қасиеті ретінде қарастыруға болады, бірақ оның көптеген мысалдар көрсеткендей, жұмыс орнын жоғалтуға, айыруға және экономикалық құлдырауға әкелетін жағымсыз салдары бар (worldometers, 2020: URL). Шындығында, қазір көптеген зерттеушілер жаһандық пандемия 21-ші ғасырда біз бетпе-бет келіп отырған бұрын-соңды болмаған ауқымды процесс болып жатқан жаһандануды тоқтататын немесе тіпті жоғалтатын фактор болуы мүмкін деген ойды айтуда.

Коронавирустың адам өміріне қайғылы әсерінен басқа, пандемия тікелей экономикаға да әсер етті, оның ішінде қызметкерлердің қашықтықтан жұмыс жасауы, кей жұмыс орындарының жабылуы мен қызметкерлердің қыстартылуы. АҚШ Еңбек Департаментінің мәліметтері бойынша 26 миллион адам жұмыссыздық бойынша жәрдемақы алған. Дүние жүзіндегі қор нарығы сілкініс берді, бұл денсаулық дағдарысы ғана емес, жаһандық әлемдік дағдарысқа айналды. Әр түрлі елдерге экономикалық әсер әр түрлі, Германия сияқты елдерде аурудың көп бөлігі тестілеу және тиімді басқару арқылы жойылды. Алайда, қажетті ресурстары жоқ, табысы төмен жер шарының ең осал топтары өте үлкен зардап шекті (DOL, 2020: URL).

Қытайдағы зауыттардың жұмысының тоқтауы немесе Италиядағы бөлшек сауда дүкендерін жабу сияқты үкіметтің маңызды шаралары рецессия күтілетінін көрсетті. Қытайдың Бас кеден басқармасының мәліметі бойынша, ақпан айында өндіріс және қызмет көрсету секторында автокөлік сатылымының 80%-ға төмендеуі, қаңтар мен ақпан аралығында экспорттың 17,2% -ға төмендеуі байқалды. Қытай көптеген елдер импорттайтын шикізаттың маңызды өндірушісі болып табылады. Экспорттың төмендеуі зауыттардың тоқтауына байланысты. Сонымен қатар,

бүкіл әлемдегі бөлшек сауда дүкендерінің көпшілігінде коронавирустың таралуын тежеу үшін қажетті қозғалыс шектеулеріне байланысты сұраныстың төмендеуі байқалды.

Жаһандық пандемияның АҚШ-та, Еуропада және басқа елдерде таралуы заңнамалық шаралар қабылдауға әкелді. Жапония мен Еуропа халықаралық саудаға тәуелділіктің жоғары болуына және төртінші тоқсанның әлсіз көрсеткіштеріне байланысты құлдырауға тап болды. Экономикалық ынтымақтастық және даму ұйымы (ЭЫДҰ) жаһандық пандемия салдарынан әлемдік экономиканы 2,9% - дан 2,4% - ға дейін төмендетеді деп болжады (OECD, 2020: URL).

Білім деңгейі немесе адамның дамуы пандемиялық дағдарысқа дайындықты бағалау үшін БҰҰ Даму Бағдарламасының (БҰҰДБ) маңызды факторы болып табылады. 1-кестеде Азия-Тынық мұхиты елдері 1-ден 5-ке дейінгі әртүрлі кластерлерге бөлінген. 1-кластерге адами капиталы жоғары Қытай, Оңтүстік Корея, Гонконг және Сингапур кіреді. 5-кластер негізінен Фиджи, Бутан, Тонга, Микронезия, Вануату, Непал, Соломон Аралдары және Ауғанстан сияқты адам дамуының орташа деңгейіне ие елдерді қамтитын.

**Кесте 1 – Азия-Тынық мұхит елдерінің адами капитал деңгейі бойынша кластерлік жіктелімі**

	Кластер 1	Кластер 2	Кластер 3	Кластер 4	Кластер 5
	Адам дамуының өте жоғары деңгейі, құндылықты құрудың Озық өндірістік тізбектері	Негізінен адам дамуының жоғары немесе орташа деңгейі, өндіріс және сату тізбектеріне интеграция	Табыстар мен даму деңгейлерінің кең ауқымы, Табиғи ресурстар экспортына тәуелділік	Адам дамуының орташа немесе жоғары деңгейі, салыстырмалы түрде аз сауда интеграциясы	Адамның даму деңгейлерінің кең ауқымы, NRS және Morag
Пандемияның таралуы және әрекет ету шаралары	Пандемияның ерте басталуы, жылдам ұстауға баса назар аудару, ынталандыру шараларының кең пакеттері, ерте қалпына келу белгілері	Пандемияның «екінші толқыны», ынталандыру пакеттері және тежеу шаралары	Пандемияның таралуының әртүрлі дәрежелері және жауаптардың кең ауқымы	Пандемияның кеш толқыны, кең тежеу шаралары, Денсаулық сақтау үшін үлкен қауіптер	Пандемия салыстырмалы түрде оқшауланған және аз әсер етуі мүмкін, бірақ әлеуеті төмен болғандықтан қоғамдық денсаулыққа қауіп төндіреді
Адам дамуының деңгейі	Адам дамуының өте жоғары деңгейі	Адам дамуының өте жоғары деңгейінен орташа деңгейіне дейін	Адам дамуының өте жоғары және төмен деңгейлерінің кең ауқымы	Адам дамуының жоғары және орташа деңгейі	Адамның даму деңгейлерінің кең ауқымы, бірақ негізінен орташа деңгей
Жаһандық құн мен сауда тізбектерін біріктіру дәрежесі	Озық өндірістік құн тізбегіне интеграцияның жоғары дәрежесі	Әр түрлі өндірістік құн тізбектеріне біріктірілген	Табиғи ресурстарды жеткізу арқылы тікелей байланыс	Сауда-саттықтың ашықтығының төмен деңгейі	Шағын ашық экономикалар, импорттың жоғары деңгейі



ЭБДҰ-ның соңғы болжамдарына сәйкес, әлемнің көптеген елдері Қытаймен өте байланысты. Жапония, Австралия және Оңтүстік Корея сияқты елдер ЖІӨ өсу қарқынының теріс төмендеуіне тап болады. Аурудың Еуропа елдерінде және АҚШ-та таралу жылдамдығы шектеу шараларын қабылдауға әкелді. Бұл шектеу шаралары миллиардтаған доллар жоғалту қаупі бар экономикалық қызметке теріс әсер етті. Біріккен Ұлттар Ұйымының (БҰҰ) болжамы бойынша, бүкіл әлем бойынша көпұлтты ынтымақтастықта тікелей шетелдік инвестициялар (ТШИ) деңгейі шамамен 5-15 пайызға дейін төмендеген.

Жан басына шаққандағы білім мен нақты ЖІӨ-нің маңыздылығы әртүрлі тәсілдерді зерттейтін көптеген денсаулық сақтау зерттеулерінде талқыланды. Мысалы, Nakamura (Nakamura, 2016: URL) мәліметтері бойынша, табысы жоғары және жоғары білімі бар адамдар дұрыс тамақтануды ұстануға және денсаулық сақтау мамандарының ұсыныстарын орындауға мәжбүр болды. Бұл зерттеу адамдардың мінез-құлқы білім мен табыс болып табылатын екі маңызды факторға байланысты екенін көрсетеді.

Setia, M. S. (Setia, M.S., 2016: 261-264) дамыған және дамушы елдердегі экологиялық саясатқа адамдардың реакциясын зерттеді, атап айтқанда үкіметтер адамдардың денсаулығын сақтау үшін әдеттерін өзгертуге мәжбүр ететін жаңа ережелер енгізгендегі жағдайды бақылау. Авторлар негізінен адамдардың реакциясына әсер етуі мүмкін екі айнымалыны қамтыды: жан басына шаққандағы ЖІӨ және білім. Олар дамыған елдер жаңа ережелерді ұстанады және адамдар дамушы елдерге қарағанда экологиялық мәселелердің маңыздылығы туралы көбірек біледі деген қорытындыға келді.

Сонымен қатар, Elmawazini (Elmawazini, 2019: 123-138) дамыған (OCED) және дамушы (SSA) елдер арасындағы денсаулық деңгейіндегі алшақтықты зерттеді және жаһандану бұл алшақтықты азайтуы мүмкін деген гипотеза құрды. Авторлар жаһандану дамыған және дамушы елдер арасындағы денсаулық алшақтығына айтарлықтай әсер етпейді деген қорытындыға келді. Алайда, жан басына шаққандағы ЖІӨ-нің өсуі дамыған және дамушы елдер арасындағы денсаулық деңгейіндегі алшақтыққа айтарлықтай әсер етеді.

Сонымен қатар, Abdelhafiz (Abdelhafiz, 2020: 1-10) Египеттегі адамдардың білімі мен көзқарасын жан басына шаққандағы нақты ЖІӨ, білім, тұрғылықты мекен-жай мен жас ерекшеліктеріне қарай зерттеді. Олар табысы төмен, білімі төмен және егде жастағы адамдардың жаһандық пандемияға қатысты кез келген мемлекеттік саясатқа білімі мен көзқарасы аз екенін анықтады.

Сонымен қатар, Fernandes, N (Fernandes, N., 2020: 33) әр түрлі елдер мен салаларда пандемияның өршуінен туындаған экономикалық әсерді зерттеді. Сонымен қатар, зерттеу жаһандық пандемия және 30 түрлі елдің ЖІӨ-ге байланысты жаһандық экономикалық шығындарға жарық түсірді. Автор қазіргі пандемияның әсері 2003 жылғы SARS және 2008-2009 жылдардағы қаржылық дағдарыспен салыстырғанда бағаланбағанын анықтады. Сонымен қатар, зерттеу құлыптау немесе үйде болу туралы бұйрықтың қашан аяқталатынын болжау қиын екенін көрсетті. Сонымен қатар, зерттеуге қатысқан елдер үшін құлыптау кезеңінде ұстануға болатын нұсқаулық жоқ.

Пандемияның өршуіне қатысты басқа да зерттеулер жаһандық пандемияның ел экономикасына қалай әсер ететінін түсінуге көмектеседі. Мысалы, Li, K., әне басқалар (Li, K., 2020: 103) пандемия жағдайында макроэкономикалық әрекеттің мінез-құлқын зерттейді. Зерттеуге ұсыныс, сұраныс, инвестиция, сауда, инфляция (баға деңгейі), жеткізу тізбегі, валюта бағамдары, қаржылық тұрақтылық, экономикалық өсу және халықаралық ынтымақтастық сияқты барлық экономикалық қызмет түрлері кіреді. Автор әрбір ел үшін өзінің экономикалық саясатын реформалау және болашақта кез келген қиындықтардың алдын алу үшін құлыптау шараларын енгізу маңызды деген қорытындыға келеді.


Сонымен қатар, Chi Zhang (Chi Zhang, 2020: 30) халықтың қоныс аударуын және оның Қытайдағы жаһандық пандемияның таралуына әсерін зерттеді. Олар халықтың қозғалысы аурудың таралуына статистикалық маңызды әсер ететінін анықтады. Саяхатқа тыйым салу вирустың таралуын бәсеңдету үшін тиімді болды. Алайда, авторлар аурудың таралуын болдырмау үшін саяхатқа тыйым салу ертерек енгізілсе, әлдеқайда пайдалы болар еді деген қорытындыға келді.

2020 жылдың наурыз айынан бастап жаһандық пандемияның басталуы еліміздің саясаты мен экономикалық жағдайына айтарлықтай өзгерістер алып келгені белгілі. Пандемиялық

жағдайдың елдің адами капиталына әсер етуін бағалау бойынша, адами капиталдың сапалық сипаттамаларын және елдің ұлттық ерекшеліктерін ескере отырып, адами капиталға талдау жұмыстары жүргізу маңызды болып табылады.

Адами капитал – постиндустриалды қоғамның ең құнды ресурсы. Тауар өндірісі үшін қолданылатын технологиялық даму мен ұйымдастырушылық қайта құрулар арқылы қалыптасады және жоғары білікті, дағдылары жеткілікті деңгейде қалыптасқан адами ресурстар қазіргі заманғы жоғары технологиялық процестерді басқаруға қабілетті.

Әдіснамалық тұрғыдан алғанда, ұйымдағы адами капиталды бағалау үшін адами капиталды қалыптастырудың инвестициялық тәсілі кең танылған тәсіл болып саналады. Мұндай әдістеде адами капиталды бағалау қағидаты болашақ кірістерді капиталдандыруға негізделеді, себебі адами капиталды дамытудың (өндірудің, дамытудың, тиімділігін арттырудың) негізгі жолы оған инвестициялау процесі болып табылады. Бүгінде адами капиталға инвестициялар деген не, оларды қарапайым инвестициялармен салыстыруға болатындығы туралы көптеген пікірталас бар. Кейбір зерттеушілер олардың «тиімділігін» арттыруға бағытталған қаражат шығындарын, ал басқалары – «адами капиталдың» сипаттамаларын жақсартуға бағытталған кез-келген әрекеттер мен шаралар деп қарауды ұсынады. Адами капиталға салынған инвестициялардың тиімділігін анықтау үшін экономистер көбінесе «шығындар – пайда» талдауына жүгінеді, ол үш кезеңнен тұрады (сурет 1) (Кириянов А.В., 2011: URL).



Сурет 1 – Адами капиталды инвестициялық талдау үрдісі

Алайда бұл тәсіл нақты бір компания деңгейінде ғана жүргізуге қолайлы болғандықтан, еліміздегі жалпы адами капиталдың сипаттамасын алу үшін, сандық және сапалық көрсеткіштер арасындағы байланысты анықтау мақсатында, бұл зерттеуде сауалнама жүргізу әдісі пайдаланылды. Сауалнама әдісі адами капиталды дамытудың сапалық сипаттамаларына сандық баға алу үшін қолданылды. Сауалнамадағы сұрақтар адами капиталдың пандемия жағдайындағы білім беру мен денсаулық сақтау жүйесіне көз қарасын, олардың жалпы шығармашылық, бастамашылық, инновациялық белсенділік, бейімделу, жұмыс істеуге деген ұмтылыс сияқты адами капиталдың сапалық сипаттамаларын көрсету деңгейімен байланысты болды.

Зерттеу пандемия жағдайында адами капиталды дамытудың сандық және сапалық көрсеткіштерінің экономикалық дамуға әсерін бағалады. Ол үшін бір факторлы дисперсиялық талдау жасалынды. Сонымен қатар, адами капитал инвестицияларының тиімділігін анықтау үшін шетелдік және отандық авторлардың ғылыми жұмыстары мен ғылыми зерттеулеріне теориялық талдау жасалынды, пандемия жағдайының адами капитал сапасына әсерін анықтау үшін сауалнама әдісі, сауалнама нәтижелеріне жалпылау, салыстырмалы талдау әдістері, индукция және дедукция әдістері қолданылды.

